

Әуликөл ауданының әскерге шақыру учаскесіне 1993 жылы туған ер азаматтарды тіркеуді ұйымдастыру мен қамтамасыз ету туралы

Қостанай облысы Әуликөл ауданы әкімінің 2010 жылғы 12 қаңтардағы № 1 шешімі.
Қостанай облысы Әуликөл ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 8 ақпанда № 9-7-111 тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 33-бабының 1-тармағының 13) тармақшасына және "Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі Заңының 17-бабының негізінде Әуликөл ауданының әкімі **Ш Е Ш Т І :**

1. Тіркеу жылы он жеті жасқа толатын ер азаматтарды Әуликөл ауданының әскерге шақыру учаскесіне 2010 жылдың қаңтарынан бастап наурызына дейін тіркеу ұйымдастырылсын және қамтамасыз етілсін.

2. "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қостанай облыстық ішкі істер Департаментінің Әуликөл аудандық ішкі істер бөлімі" мемлекеттік мекемесіне (келісім бойынша) азаматтарды әскерге шақыру учаскесіне тіркеу кезеңінде ұсынамыз:

- 1) тізімге тіркелеуден қашқан азаматтарды іздеуді және ұстауды жүзеге асырсын;
- 2) шақыру учаскесінде қоғамдық тәртіпті сақтау үшін бір полиция қызметкерін б ө л с і н .

3. Село, кент және селолық округтер әкімдері тіркеуге шақырылған азаматтарды тіркеу учаскесіне тіркеуден өту үшін қорғаныс істері жөніндегі бөлімге уақытылы келуін және әскерге шақыруға дейінгілерді әскери тіркеуге алуға көмекті қамтамасыз е т с і н .

4. "Әуликөл ауданының қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесіне 1993 жылы туған азаматтарды тіркеу жүргізуді ұйымдастыру мен қамтамасыз ету үшін аудандық бюджетпен бекітілген қажетті мөлшерде ақшалай қаржы бөлсін.

5. Осы шешімнің орындалуына бақылау жасау аудан әкімінің орынбасарына жү к т е л с і н .

6. Шешім алғаш рет ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Б. Ғаязов

КЕЛІСІЛДІ:

"Қазақстан Республикасы
Ішкі істер Министрлігі
Қостанай облысының ішкі

істер Департаментінің
Әулікөл ауданының ішкі
істер бөлімі" мемлекеттік
мекемесінің бастығы
Жағыпаров Арыстан Жұмашұлы

12 қаңтар 2010 жылғы

"Қостанай облысы
Әулікөл ауданының қорғаныс істері
жөніндегі бөлімі" мемлекеттік
мекемесінің бастығы
Түгелбаев Марат Теңізбайұлы

12 қаңтар 2010 жылғы